



2024-2025 оқу жылы

к/с	Атқаратын іс- шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектептегі тәртіп бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау, тізімін алу	Қыркүйек	Педагог- психолог Сынып жетекшілері
2	Ерекше назардағы оқушыларды назарға алу (журнал, жеке папка арнау)	Кезінде	ДТДЖО М. Аққозиев Ж. Бухарбаева
3	Әңгіме: «Қылмыс және жасөспірім», (Жас өспірімдер өзін -өзі қол жұмсаушылық (суицид) әрекеттерінің алдын алу)	Әр тоқсанда	ДТДЖО М. Аққозиев Ж. Бухарбаева Педагог-психолог Әлеуметтік-педагог Сынып жетекшілері
4	Ерекше назардағы оқушылармен, олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу және оқушылардың бос уақытында қабілеті мен жас ерекшелігіне қарай үйірме жұмыстарына тарту	Үнемі	Д.Т.І.Ж.О М. Аққозиев Пед.психолог А. Абдукадирова А.Омаров
5	Оқушыларға жолда жүру ережесін сақтау туралы әңгіме жүргізу	Жылына 2 рет	Аға тәлімгер Сынып жетекшілер
6	Әңгіме: Наркология орталығының маман дәрігерлерімен бірлесіп зиянды заттардың (темекі шегу, ішімдік, нашақорлық және токсикоманианың жас организмге зияны тақырыбында әңгіме өткізу).	Тоқсан сайын	Мектеп медбикесі: Г. Шынаева
7	Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу барысында айлық іс шаралар өткізу	Әр тоқсан	Д.Т.І.Ж.О: М. Аққозиев Пед-псих: А. Абдукадирова Әлеу.-пед.Т.Бухарбаев
8	Өмірдің қиын кезеңдеріне кезіккен оқушыларды уақытында анықтап, аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандар ісі және оларды қорғау жөніндегі комиссияға құжаттарын уақытында тапсыру	Үнемі	Д.Т.І.Ж.О: М. Аққозиев Пед-псих: А. Абдукадирова Әлеу.-пед.Т.Бухарбаев
9	Сабақты көп жіберетін, сабақтан себепсіз, рұқсатсыз кететін оқушылармен, олардың ата-анасымен жұмыс жүргізу (ҚР заңнамаларында көрсетілген құқықтарымен таныстыру)	Ай сайын	Сынып жетекшілері
10	Діни экстремизм терроризмге қарсы заңнамалардың жүзеге асырылуы. Хизбуд-Тахрир діни экстремистік бірлестігінің	Ақпан айы	Д.Т.І.Ж.О: М. Аққозиев Пед-псих: А. Абдукадирова Әлеу.-пед.Т.Бухарбаев

	Ілімін ҚР –ның аймағында насихаттауға тыйым салу		
11	«Қыздар кеңесі», «Ұлдар кеңесі» отырысын және өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру	Ай сайын	М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Қыздар кең. төр. З. Мусабаева
12	Мектеп оқушылары әлеуметтік теңсіздікті болдырмау мақсатында бірінғай мектеп формасының киілуін қадағалау	Үнемі	М. Аққозиев Ж. Бұхарбаева Сын. жетекшілер

Дайындаған:



М. Аққозиев
Ж. Бұхарбаева

«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемеінде мұғалімдер және ата-аналар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Қатысқан мұғалімдер 98
Ата-аналар 72

25.09.2024ж

Күн тәртібіндегі мәселелер :

1. Қылмыс және жасөспірім. Жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаушылық (суицид) әрекеттерінің алдын алу (М. Аққозиев)
2. Мұғалімдер мен оқушылар арасында суицидтік мінез-құлық ерекшеліктері тақырыбында түсіндірме жұмыстары туралы.(А. Омаров,)
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Мектеп директоры К.Ешанқұлов мұғалімдер мен ата-аналарды күн тәртібімен таныстырды. Мектеп оқушылары арасында түрлі діни ағымға еліктеудің алдын алып отыру қажет екенін айтты. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының 5 бабына сәйкес Республикада білім беру мен тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі діни бірлестіктерден бөлінген рухани сипатта болатындығы жөнінде айтылған. Сондай-ақ балаларды дінге баулу бойынша мәжбүрлеу шараларын қолдауға тиым салынғандығын айтты.

Бірінші мәселе бойынша М.Д.Т.І.Ж.О М.Аққозиев сөз алып мектеп оқушылар арасындағы қылмыстық істерді болдырмау мақсатында атқарылып жатқан жұмыс түрлерімен таныстырып өтті. Оқушыларды отан сүйгіштікке, патриоттық тәрбие беруге, ұлттық тәрбие беру жолдарына көңіл бөлді. Жас өспірімдер арасында тұрмысы орта және тұрмысы төмен отбасы оқушылары да бар. Бұл оқушыларға мемлекетіміз тарапынан қолдау көрсетіліп отырады. Оқуда, тәлім-тәрбие беруде оқушылардың көңі-күйіне, мінез-құлқының өзгерістеріне жіті көңіл бөліп тұру қажеттілігін ескертті. Бұл жағдай ата-аналар, мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог, психологтар мен мұғалімдер назарынан тыс қалмау қажеттілігін айтты.

Сөзге ата-аналар комитетінің төрағасы Б. Мырзабаев шығып, күн тәртібінде қойылған мәселелер орынды екенін айтты. Мектепте оқу мен тәлім-тәрбие беру егіз. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Біз ата-аналар балаларымызды қылмыстық істен аулақ ету, оның алдын алу жұмыстарын үнемі жүргізіп отыруымыз керек. Көреген ғалым Әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы»- деген сөзі ешуақытта назардан тыс қалмауы керек. Сондай-ақ балалардың мінез-құлқының өзгерістеріне көңіл бөлуіміз керек. Өтпелі кезең отбасылық жағдайлар балаға әсер ететінін білеміз. Балалардың өзіне-өзі қол жұмсау (суицид) әрекеттерінің алдын алу шараларын ойластыру қажет деп білеміз.

Сөзге ата-аналардан: Искахов Қуандық, Бабышов А, Сәмбетов Әбулер шығып өз ойларын ортаға салды.

Сөзге сынып жетекшілерінен Г. Абдиева, Г. Орынбаева, Е. Сапаровтар шығып өз ойларын ортаға салды.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдер мен ата-аналар арасында «Суицидтік мінез құлық ерекшеліктері» туралы мектеп психологі А. Омаров сөзге шықты. Ол өз сөзінде: Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай отырып мінез құлықтарының өзгеруі, сондай-ақ тұрмыстық жағдайға байланысты көңіл-күйінің бұзылуы сияқты өзгерістер болуы мүмкін. Біз мұғалімдер мен ата-аналар оқушылардың осындай өзгерістерін бақылап отыруымыз қажет.



«№40 Ғ.Мұратбаев атындағы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мұғалімдер және оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

16.10.2024ж

Мектеп директоры К. Ешанкулов
Келес АІПБ ПБ ӘПБ-нің полиция капитаны М.Алдабергенов
Ата аналар комитетінің төрағасы Б. Мырзабаев
ДТЖО: М. Аққозиев, Ж. Бухарбаева
Мектеп психологы А. Абдукадирова
Тәлімгер З. Мусабаева
Мектеп Медбикесі Г. Шынаева
Сынып жетекшілер 45
Оқушылар 8-9-10-11 сынып

Күн тәртібіндегі мәселелер :

- 1.Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс шара жүргізу.
- 2.Оқушылардың тәртібі және сабақтан кешікпеуі туралы
- 3.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе мектеп директоры К.Ешанқұлов бүгінгі күн тәртібімен таныстырды. Сөз кезегін Келес АІПБ ПБ ӘПБ-нің полиция капитаны М.Алдабергеновке берді. Сөз алған М.Алдабергенов жасөспірімдердің қылмысы, құқық бұзушылықтың алдын алу туралы айтты. Түнгі мезгілде (кешкі 22:00 ден таңғы сағат 06:00 ге дейін) беймезгіл жүрмеу, яғни бос уақытын тиімді пайдалану керектігін айтты. «Қылмыстық жауапкершілік туралы» заң аясында түсіндіріп өтті.

Осы мәселе бойынша сөзге шыққан мектеп медбикесі Г. Шынаева оқушылардың тәрбиесі жөнінде және мектеп қабырғасында тәртіпті сақтау отбасымен тығыз байланысты болу керектігін айтты. Ерте жүктілік деген не?, сұрақтарына толық мағлұмат беріп өтті. Өмір сынақ, қыздар өз абыройымен тұрмысқа шығып, ер бала өз абыройымен үйленген абзал. Ерте жүктіліктің салдары жөнінде АІПБ ПБ ӘПБ-нің полиция капитаны М.Алдабергенов қосымша толықтырып, 120 бапқа тоқталып өтті. Келесі сөз кезегі мектеп психологы А. Алимбековаға берілді. Ол өз сөзінде оқушы бойындағы сенімсіздік ұялағаны туралы сөз қозғады. Адам сенімді болу үшін қадамды нық басу керек. Сенімділікті қайтып арттыру қажет екенін түсіндіріп өтті. Қыздарға бірнеше кеңес айтты. Атап айтар болсақ шашты жинап, тарап ұқыпты жүру керектігіне тоқталды. Қандай адам шашын жаяды ? деген сұраққа жауап айтып, ондай жаман әдет жасамау керектігін тілге тиек етті.

Екінші мәселе бойынша сөзге шыққан ата аналар комитетінің төрағасы Б. Мырзабаев қазір Қазақстан бойынша ұстаз мәртебесі және оқушылардың тәртіп, тәрбиесі жайлы айтып өтті. Балаларға сабақ уақытында ешқайда бармай сабақта болуларын басып айтты.

Оқушылардың сабаққа келуін сынып жетекшілері қадағалауын тапсырды. Ұстаздың мәртебесін бәріміз бірге көтеруді қолға алайық деп өз сөзін аяқтады. Сөз алған ДТЖО М. Аққозиев оқушылардың сабақтан кешікпеуі, сабақтан себепсіз қалмауы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеуі, сабақтан жалтару туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Үшінші әр-түрлі мәселелерге сөзге шыққан мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Бұхарбаева ата-аналар мен мектеп мұғалімдеріне оқушылардың жолда жүру ережесін қатаң сақтауға, ауылға жақын ағып өтетін Келес, Сырдария өзендеріне балаларды баруы, балық аулау сияқты қауіпті жерлерге бармау керектігін басты назарда ұстау қажет екенін айтты.

Қаулы етеді:

- 1.Түнгі мезгілде беймезгіл оқушылардың жүруінің алдын алу жұмыстары сынып жетекшілерге жүктелсін.Ата аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
- 2.Мектепте ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстарын жүргізілсін.
- 3.Сабаққа кешікпей келу,сабақтан ерте кетіп калудың алдын жұмыстарын жүйелі жүргізу сынып жетекшілерге жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



К.Ешанқұлов

Ж. Бұхарбаева



«№40 Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9,10,11 сынып оқушылары мен ата аналары арасында өткізілген жиналыстың

Хаттамасы

Ғ. Мұратбаев ауылы

16.01.2025ж

Қатысқандар: Мектеп директоры К. Ешанкулов
Келес ауданы прокуратурасының прокуроры Қ. Садықов
Келес ауданық алқа билер өкілдері Н. Оңғарбаев, Ж. Смайылов
Аудандық білім бөлімінің әдіскері Ә. Айып
Аудандық мәслихат депутаты Е. Молдабаев
Дін өкілі Ә. Арыстанов
Келес ауданы АПБ полициясы Б. Курманкулов
Келес ауданы әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің маманы А. Камал
Ата-аналар 87
Сынып жетекшілер 9-10-11 сынып оқушылары

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жастар арасында құқықбұзушылықтың, есірткіге тәуелділіктің, теріс діни ағымдардың алдын алу бойынша аудан көлемінде құрылған ақпараттық-насихаттық топтардың көмеделетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс шара жүргізу. Оқушыларға Заң актілерінен жүйелі түсінік беру.
2. Оқушылардың тәртібі және сабақтан кешікпеуі туралы.
3. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Келес ауданы прокуратурасының прокуроры Қ. Садықов сөз алып, қазіргі таңда ауданымызда орын алған жасөспірімдердің қылмысы жайында бірқатар мәселелерді айтып өтті. Сонымен қатар құқықбұзушылықтың алдын алу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Әкімшілік құқық бұзушылықтың кейбір түрлері қазіргі заңға сәйкес қылмыстық құқықбұзушылыққа ауысып кеткендігін ескертті.

Екінші мәселе бойынша аудандық алқа билер өкілдері Н. Оңғарбаев пен Ж. Смайыловтар сөз алып, қазіргі таңдағы ұстаз мәртебесі және оқушылардың тәрбиесі жайлы айтып өтті. Оқушыларға сабақ уақытында ешқайда баруға болмайтынын айтып, ҚР заңына сай әрбір дені сау мектеп жасындағы бала міндетті түрде сабақта отыруы керектігін басып айтты. Сонымен қатар ата-аналардан оқушылардың сабаққа мектеп формасымен түгел келуін қамтамасыз етуді талап етті. Сөз соңына алқа билер өкілі Н. Оңғарбаев ұстаз мәртебесі жайлы айта келе ата-аналардан ұстаз мәртебесін бірге көтеруді қолға алайық деп сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша аудандық мәслихат депутаты Е. Молдабаев сөз алып, балаларға рухани тәрбие жайлы жастарға берер тәрбиесі мол әңгіме айтты. Сөз соңында мәслихат депутаты оқушыларды сапалы білім, саналы тәрбие алуға шақырды.

Төртінші мәселе бойынша дін өкілі Ә. Арыстанов сөз алып, оқушыларға тәрбиелік мәні бар діни насихат айтып оқушылардың діни сауаттылық жайлы жүйелі түсінік берді.

Бесінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Келес ауданы АПБ полициясы Б. Курманкулов сөз алып, жасөспірімдер қылмысы, құқықбұзушылықтың алдын алу жайлы айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Түнде беймезгіл көшеде жүрмеу керектігін айта келе, қазіргі уақытта жасөспірімдердің қылмысы көбейіп отырғанын, оның алдын алу жұмыстары да жүргізіліп жатқандығына тоқталды. ҚР әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы заңына бірқатар өзгерістер енгізілгендігіне де тоқталып өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жыл бойы профилактикалық іс шара жүргізіліп отырсын.
- 2.Мектепте оқушыларға Заң актілері мен Заңдар жүйелі түсіндірілсін.
- 3.Кәмелетке толмаған жастар арасында кешкі уақытта көшеде, кафелерде, ойын сауық орындарында жүруге тиым салу жұмыстары жыл бойы жүргізілсін.



(Handwritten signatures)

К. Ешанкулов
М. Аққозиев
Ә. Айып

